

2018 жылға Қаражал қаласы бойынша ата- анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 150 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 желтоқсанда № 4508 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бүйріғына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Қаражал қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылытын жастар қатарындағы азаматтар үшін 1 қосымшаға сәйкес;

2) Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін 2 қосымшаға сәйкес;

3) Қаражал қаласында қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін 3 қосымшаға сәйкес.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қаражал қаласының әкімінің орынбасары Т.Ерденовке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Т. Досаев

Қаражал қаласы әкімдігінің

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе
ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының тұлектері
болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындары
квотасы белгіленетін үйымдардың тізімі**

№	Үйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі қызметкерлердің тізімдік санынан (%)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған жастар қатарындағы білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын азаматтар үшін жұмыс орындарының саны (бірлік)
1.	"Өркен-Атасу" Өкілдігінің "Өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	951	0,1	1

Каражал қаласы әкімдігінің
2017 жылғы "20" желтоқсан
№150 қаулысына 2 қосымша

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа
орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін үйымдардың тізімі**

№	Үйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі қызметкерлердің тізімдік санынан (%)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны (бірлік)
1.	"Өркен-Атасу" Өкілдігінің "Өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	951	0,1	1
2.	"Жәйрем кен-байту комбинаты" акционерлік қоғамы	2050	0,05	1
3.	"Қаражал қаласының әкімиятының Қалалық коммуналдық шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	100	0,1	1

Каражал қаласы әкімдігінің
2017 жылғы "20" желтоқсан
№150 қаулысына 3 қосымша

Қаражал қаласында қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін үйымдардың тізімі

№	Үйымның атауы	Кызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі кызметкерлердің тізімдік санынан (%)	Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны (бірлік)
1.	"Өркен-Атасу" Өкілдігінің "Өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	951	0,1	1
2.	"Жәйрем кен-байыту комбинаты" акционерлік қоғамы	2050	0,1	2
3.	"Қаражал қаласының әкімиятының Қалалық коммуналдық шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	100	0,1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК